



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**
(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН
АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар Кеңесі 2022 жылғы 21 қазанда өткен акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер және сырттай дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төртінші мәселе бойынша шешімі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 4 хаттамасында) бекіту.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 9 038 885 555. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы саны - 8 849 530 901. «Жақтағандар» – 8 849 530 901, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім жиналыста ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

Өткен жылдардың бөлінбеген таза табысынан «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (ISIN KZ000A0LE0S4) жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу:

атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 40-үй;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік және өзге де деректемелері: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі; БСК - NBRKKZKX, корреспонденттік шот – KZ87125KZT1001300313, БСН – 940140000385, БЕК – 14;

дивидендтер төленетін кезең: 2021 жыл;

бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшері: 12,71 теңге;

дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2022 жылғы 27 қазан;

дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны:

дивидендтерді алуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн 2022 жылғы 25 қазандағы күннің басындағы жағдай бойынша (Алматы қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минут);

дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны – 9 038 885 555. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлердің жалпы саны - 8 849 530 901. «Жақтағандар» – 8 830 245 666, «қарсы болғандар» – 19 285 235, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**